

Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық
Өңіраралық Орталығы
Қазақстан Республикасы, 050002,
Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 36 үй,
5 қабат, 520-521 офис
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcpk.kz
www.kmcpk.kz



Казахстанский Межрегиональный
Центр Повышения Квалификации
Республика Казахстан, 050002,
город Алматы, ул.Пушкина, 36
5 этаж, офис 520-521
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcpk.kz
www.kmcpk.kz

Бекітілген
ҚР Оқу-ағарту
министрлігінің
30.07.2025 ж.
сараптамалық кеңесінің
қорытындысы негізінде
Естемесова Э. А.

**«Білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын сүйемелдеу:
педагог- кәсіби бағдар беруші қызметінің заманауи әдістері мен
технологиялары»**

атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

Алматы 2025ж.

1.Жалпы ережелер

“Білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын сүйемелдеу: педагог-кәсіби бағдар беруші қызметінің заманауи әдістері мен технологиялары” біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің педагог-кәсіптік бағдар берушілеріне арналған. Бағдарлама педагогтердің оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыруда заманауи әдістер мен технологияларды қолдануға, цифрлық құралдарды тиімді енгізуге және әр оқушының саналы мамандық таңдауына қолдау көрсететін инклюзивті орта құру қабілеттерін арттыруға бағытталған.

Жаһандық экономика мен технологиялар саласындағы өзгерістердің аясында Қазақстан да басқа елдер сияқты, белгісіздік пен үздіксіз трансформациялар жағдайындағы жас ұрпақты өмірге және жұмысқа дайындауда білім берудің рөлін қайта қарастыруда. Білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыттарының бірі – оқушылардың кәсіби және әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына тиімді дайындық арқылы адам капиталын қалыптастыру болып табылады.

Кәсіптік бағдар беруді ресми ақпараттандырудан оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін жүйелі түрде сүйемелдеуге көшу - қазіргі уақыттың қажеттілігі. Бұл жай ғана мамандық таңдауға ғана көмек көрсету емес, сондай-ақ жеке қызығушылықтарға, құндылықтарға және күшті жақтарға негізделген жеке мансаптық траекторияны саналы түрде құра алатын қабілетті дамыту болып табылады. Кәсіптік бағдар беру баланың өз болашағын саналы түрде таңдауына мүмкіндік беретін және болашақта ел экономикасына белсенді қатысуына жағдай жасайтын стратегиялық ресурс ретінде білім беру жүйесіне біріктірілуі тиіс.

Бұл үдерісте педагог-кәсіптік бағдар берушінің (бұдан әрі - Педагог) рөлі түбегейлі өзгеруде: ол ақпарат берушіден оқушының кәсіби өзін-өзі анықтау процесін қолдайтын жетекшіге, кеңесшіге және сүйемелдеушіге айналуда. Осыған орай, педагогтардың кәсіптік бағдар берудің заманауи әдіс-тәсілдері мен технологиялары бойынша біліктілігін арттыру қажеттілігі өсуде.

Бағдарлама педагогке оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын анықтауға, қабілеттері мен әлеуетін бағалауға, заманауи кәсіптер туралы сапалы ақпарат алуға және еңбек нарығының ағымдық талаптарын түсінуге мүмкіндік беретін тиімді әдістер мен құралдарды меңгеруіне ықпал етеді. Осы арқылы бағдарлама педагогтерге оқушылармен жұмыста инновациялық тәсілдерді қолдануға, кәсіптік бағдар беру сапасын арттыруға және оқушылардың өз өмірлік және кәсіби жолдарын саналы түрде жоспарлауына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Күндізгі оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Лек ция	Се мин ар	Тре нин г	Прак жұм ыс	Өзіндік /топтық жұмыс	Шағын сабақты ң презента циясы	Барлығы ак.сағ
1	Модуль 1. Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар берудің нормативтік-құқықтық және теориялық-әдістемелік негіздері.							10
1.1	Кәсіби бағдардың ұғымы, мақсаттары, міндеттері мен функциялары. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау кезеңдері.	2						2
1.2	Кәсіби бағдар беруді сүйемелдеудің заманауи үлгілері мен тәсілдері.		2					2
1.3	Негізгі ұғымдар: кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби қызығушылықтар, кәсіби сынамалар, мансаптық траектория.	2						2
1.4	Қазақстан Республикасындағы кәсіби бағдар беру қызметінің нормативтік-құқықтық және стратегиялық негіздері	2						2
1.5	Педагог-кәсіби бағдар берушіге қойылатын кәсіби стандарт пен біліктілік талаптары Кәсіби бағдар беру саласындағы білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттестігі (педагог, тьютор, психолог, ата-ана, әлеуметтік серіктестер)				2			2
2.	Модуль 2. Кәсіптік бағдар берудегі цифрлық құралдар мен платформалар							18
2.1	Қазіргі заманғы кәсіптік бағдар берудегі цифрлық технологиялардың рөлі: трендтер мен перспективалар	2						2
2.2	Халықаралық және жергілікті платформаларға шолу: Naviance	2				2		4

	(АҚШ), Career Cruising (Канада), BerufeEntdecker (Германия), ҚР оқушыларына арналған кәсіптік навигация платформасы, Онлайн-сауалнамалар, чат-боттар, цифрлық кәсіптік карталар							
2.3	Кәсіптік кеңес беруде жасанды интеллект (ЖИ) және VR/AR технологияларын қолдану				2			2
2.4	Оқушылардың жасына және білім деңгейіне лайық цифрлық құралдарды таңдау алгоритмдері. Жеке деректермен жұмыс істеу кезіндегі цифрлық этика және қауіпсіздік негіздері	2		2				4
2.5	Тәжірибелік кейстер, шағын-жобалар және кәсіби сынмалардың цифрлық симуляторлары					6		6
3.	Модуль 3. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың психологиялық-педагогикалық сүйемелденуі							26
3.1	Оқушылардың психологиялық-жас ерекшеліктері және бастауыш мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары	2						2
3.2	Мамандық таңдаудағы психологиялық жас ерекшеліктері және кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі және жоғары сыныптардағы негізгі бағыттары	2						2
3.3	Кәсіби өзін-өзі анықтаудың психологиялық құрылымы: қызығушылықтар, бейімділіктер, құндылықтар, өзін-өзі бағалау		2					2
3.4	Кәсіби бағдарлануды диагностикалау және тұлға типологиялары (Голланд,			2		2		4

	Личко, Якобсон және т.б. бойынша)							
3.5	Жеке және топтық кәсіби бағдар беру консультацияларының әдістері. Ата-аналарға кеңес беру	2			2			4
3.6	Оқушылардың кәсіби таңдау үдерісінде мотивациясы мен рефлексиясын дамыту			2				2
3.7	Мансаптық болашақтың белгісіздігі кезіндегі мазасыздық пен әлеуметтік дезадаптацияның алдын алу	2			2			4
3.8	Педагог-кәсіби бағдар берушінің жұмысындағы практикалық әдістер: жаттығулар, тренингтер, сауална малар, ойын формалары					4	2	6
4.	Модуль 4. Инклюзивті кәсіби бағдар беру тәжірибесі және түрлі категориядағы оқушылармен жұмыс							14
4.1	Инклюзивті кәсіби бағдар беру ұғымы: халықаралық және ұлттық тәсілдер. Кәсіби ақпарат пен сүйемелдеуге тең қолжетімділіктің қағидаттары	2						2
4.2	Арнайы білім беру қажеттілігі бар оқушылардың мамандық таңдау кезіндегі психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері		2					2
4.3	Кәсіби бағдар беру жұмысының ерекшеліктері келесі санаттағы оқушылармен: -мүгедектігі бар оқушылармен; -ауылдық және шалғай аудандардағы балалармен; -көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан жасөспірімдермен; -оқуға ынтасы төмен оқушылармен	2						2

4.4	Бейімделген цифрлық ресурстар мен көрнекі құралдарды пайдалану		2		2			4
4.5	Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауындағы халықаралық (инклюзивті кәсіби бағдар беру бойынша ETF жобасы, ProfilPASS платформасы, ONISEP) және қазақстандық тәжірибе(кейстер)					2		2
4.6	Ата-аналармен, әлеуметтік серіктестермен, ПМПК мен жұмыс берушілермен өзара әрекеттесу			2				2
5.	Модуль 5. Жобалау қызметі және жеке кәсіптік бағдар беру жолдарын әзірлеу							12
5.1	Жеке кәсіптік бағдар беру маршруты (ЖКБМ) ұғымы: мақсаттары, құрылымы, құру принциптері. 5–11-сыныптарға арналған жеке кәсіби бағдар беру маршрутын жобалау	2			2			4
5.2	Мектеп тәжірибесінде кәсіптік бағдар берудің шағын-жобаларының кезеңдері және формалары(кәсіби сынамалар, сұхбаттар, мамандықтарды зерттеу, презентациялар)		2					2
5.3	Цифрлық карталарды, кәсіби бағдар беру трекерлері мен жоспарлаушыларын қолдану. Жеке мақсаттарды SMART-модель бойынша жоспарлау					2		2
5.4	Мотивациялық сұхбаттар жүргізу және оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнату. Оқушылармен жобалық жұмыстар жүргізу (АБҚ бар және ауыл мектептерінің оқушыларымен қоса)						2	2

5.5	Оқушылардың кәсіби санасының дамуы мен рефлексия динамикасын бағалау құралдары					2		2
	Барлығы	26	10	8	12	20	4	80

Ескерту: 1 академиялық сағат-45 минут.

Қашықтықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Онлайн лекция	Вебинар	Онлайн конференция	Онлайн кеңес беру	Өз бетінше оқу	Барлығы академ. сағат
1	Модуль 1. Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар берудің нормативтік-құқықтық және теориялық-әдістемелік негіздері.						14
1.1	Кәсіби бағдардың ұғымы, мақсаттары, міндеттері мен функциялары. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау кезеңдері.					2	2
1.2	Кәсіби бағдар беруді сүйемелдеудің заманауи үлгілері мен тәсілдері.					2	2
1.3	Негізгі ұғымдар: кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби қызығушылықтар, кәсіби сынамалар, мансаптық траектория.	2				2	4
1.4	Қазақстан Республикасындағы кәсіби бағдар беру қызметінің нормативтік-құқықтық және стратегиялық негіздері		2			2	4
1.5	Педагог-кәсіби бағдар берушіге қойылатын кәсіби стандарт пен біліктілік талаптары Кәсіби бағдар беру саласындағы білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттестігі (педагог, тьютор, психолог, ата-ана, әлеуметтік серіктестер)					2	2

2.	Модуль 2. Кәсіптік бағдар берудегі цифрлық құралдар мен платформалар						20
2.1	Қазіргі заманғы кәсіптік бағдар берудегі цифрлық технологиялардың рөлі: трендтер мен перспективалар					2	2
2.2	Халықаралық және жергілікті платформаларға шолу: Naviance (АҚШ), Career Cruising (Канада), BerufeEntdecker (Германия), ҚР оқушыларына арналған кәсіптік навигация платформасы, Онлайн-сауалнамалар, чат-боттар, цифрлық кәсіптік карталар					2	2
2.3	Кәсіптік кеңес беруде жасанды интеллект (ЖИ) және VR/AR технологияларын қолдану					2	2
2.4	Оқушылардың жасына және білім деңгейіне лайық цифрлық құралдарды таңдау алгоритмдері. Жеке деректермен жұмыс істеу кезіндегі цифрлық этика және қауіпсіздік негіздері	2				2	4
2.5	Тәжірибелік кейстер, шағын-жобалар және кәсіби сынмалардың цифрлық симуляторлары				2	2	4
3.	Модуль 3. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың психологиялық-педагогикалық сүйемелденуі						30
3.1	Оқушылардың психологиялық-жас ерекшеліктері және бастауыш мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары					2	2
3.2	Мамандық таңдаудағы психологиялық жас ерекшеліктері және кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі және жоғары сыныптардағы негізгі бағыттары					2	2

3.3	Кәсіби өзін-өзі анықтаудың психологиялық құрылымы: қызығушылықтар, бейімділіктер, құндылықтар, өзін-өзі бағалау					2	2
3.4	Кәсіби бағдарлануды диагностикалау және тұлға типологиялары (Голланд, Личко, Якобсон және т.б. бойынша)					2	2
3.5	Жеке және топтық кәсіби бағдар беру консультацияларының әдістері. Ата-аналарға кеңес беру	2				2	4
3.6	Оқушылардың кәсіби таңдау үдерісінде мотивациясы мен рефлексиясын дамыту					2	2
3.7	Мансаптық болашақтың белгісіздігі кезіндегі мазасыздық пен әлеуметтік дезадаптацияның алдын алу		2			2	4
3.8	Педагог-кәсіби бағдар берушінің жұмысындағы практикалық әдістер: жаттығулар, тренингтер, сауална малар, ойын формалары			2	2	2	6
4.	Модуль 4. Инклюзивті кәсіби бағдар беру тәжірибесі және түрлі категориядағы оқушылармен жұмыс						20
4.1	Инклюзивті кәсіби бағдар беру ұғымы: халықаралық және ұлттық тәсілдер. Кәсіби ақпарат пен сүйемелдеуге тең қолжетімділіктің қағидаттары					2	2
4.2	Арнайы білім беру қажеттілігі бар оқушылардың мамандық таңдау кезіндегі психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері					2	2
4.3	Кәсіби бағдар беру жұмысының ерекшеліктері келесі санаттағы оқушылармен:			2		2	4

	-мүгедектігі бар оқушылармен; -ауылдық және шалғай аудандардағы балалармен; -көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан жасөспірімдермен; -оқуға ынтасы төмен оқушылармен						
4.4	Бейімделген цифрлық ресурстар мен көрнекі құралдарды пайдалану		2			2	4
4.5	Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауындағы халықаралық (инклюзивті кәсіби бағдар беру бойынша ETF жобасы, ProfilPASS платформасы, ONISEP) және қазақстандық тәжірибе(кейстер)		2			2	4
4.6	Ата-аналармен, әлеуметтік серіктестермен, ПМПК мен жұмыс берушілермен өзара әрекеттесу			2		2	4
5.	Модуль 5. Жобалау қызметі және жеке кәсіптік бағдар беру жолдарын әзірлеу						14
5.1	Жеке кәсіптік бағдар беру маршруты (ЖКБМ) ұғымы: мақсаттары, құрылымы, құру принциптері. 5–11-сыныптарға арналған жеке кәсіби бағдар беру маршрутын жобалау		2				2
5.2	Мектеп тәжірибесінде кәсіптік бағдар берудің шағын-жобаларының кезеңдері және формалары(кәсіби сынамалар, сұхбаттар, мамандықтарды зерттеу, презентациялар)	2				2	4
5.3	Цифрлық карталарды, кәсіби бағдар беру трекерлері мен жоспарлаушыларын қолдану. Жеке мақсаттарды SMART-модель бойынша жоспарлау			2		2	4

5.4	Мотивациялық сұхбаттар жүргізу және оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнату. Оқушылармен жобалық жұмыстар жүргізу (АБҚ бар және ауыл мектептерінің оқушыларымен қоса)			2			2
5.5	Оқушылардың кәсіби санасының дамуы мен рефлексия динамикасын бағалау құралдары		2		2		4
	Барлығы	8	14	10	6	42	80